



# **ЖАСТАР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ**

III халықаралық ғылыми-практикалық конференция  
материалдар жинағы



Алматы, 2023



**ЖАСТАР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ**  
**YOUTH AND SCIENCE: TODAY AND THE FUTURE**

---

ENGLISH LANGUAGE AND ITS EFFECTIVELY TEACHING FOR STEM MODULE <i>Qussainkyzy Z., Omirzakova A. T.</i>	210
ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІНІҢ РӨЛІ <i>Нурмаганбетова К. С.</i>	215
ЛАТЫН ӘЛІППЕСІНЕ КӨШУДІҢ ТИІМДІЛІГІ <i>Кусаинова А. Р.</i>	217
ҚАШАҒАН АҚЫН: «ТОПАН» ДАСТАНЫ <i>Ногайбекқызы Ләйлә</i>	219
ОТАНДЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ <i>Ангешанова Г. Г.</i>	223
СУТЬ И ПУТИ ФОРМИРОВАНИЯ ОБЩЕКУЛЬТУРНОЙ ЛИТЕРАТУРНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ ШКОЛЬНИКОВ <i>Умирханова Шынар</i>	226
ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ ТҰЛПАРДЫҢ КӨРКЕМ БЕЙНЕСІ <i>Кұдияр Ақерке</i>	229
ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ <i>Чигирева Сания</i>	231
К ПРОБЛЕМЕ ШКОЛЬНОГО АНАЛИЗА СЮЖЕТА ЛИТЕРАТУРНОГО ПРОИЗВЕДЕНИЯ <i>Сабдалиева Роза</i>	234
ОҚУШЫЛАРДЫ КӨРКЕМ ШЫҒАРМА ОҚУҒА БАУЛУДЫҢ ЖОЛДАРЫ <i>Айшикова Айғаным</i>	238
МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА ЖАЗУ ӘДІСТЕМЕСІ <i>Нарикова Женискул</i>	240
THE TRANSLATION OF THE STORY BY M. AUEZOV “TURBULENT TIMES” <i>Azhikova A.</i>	243
ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ ҒАЛАМНЫҢ КОНЦЕПТУАЛДЫ БЕЙНЕСІ <i>Ищанова Д.</i>	246
БАЛА МІНЕЗІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ АУТИЗМ <i>Халым Бота</i>	250

**ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ ТҰЛПАРДЫҢ КӨРКЕМ БЕЙНЕСІ**

*Құдияр Ақерке*

*«М058-Әдебиеттану» мамандығы*

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

*Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к. Е.К.Карбозов*

**Аннотация**

В этой статье рассматривается художественный образ Тулпара-особый образ тюркских народов, философское познание, образ человечества. Статья посвящена расширению познания нашей истории и изучению ее прошлого с помощью легенд и рассказов. Многогранные грани образа Тулпара были раскрыты из уст в уста, а затем и на основе нашего записанного наследия. Приводились примеры из сказаний, в которых применялись методы сравнения, описания с другими народами, опираясь на культурную, социальную жизнь. Проведен теоретический анализ мифологического художественного образа Тулпара, приводятся аргументы о его роли и значении в обществе. Образ тулпара - неотъемлемая часть истории, литературы, культуры, ритуала, обладателя чувственного уникального творения. В статье сделан всесторонний анализ образа силуэта в мифологии. В результате исследования были рассмотрены особенности и различия конского поголовья с помощью аналитических, дедуктивных методов, проблемы происхождения конного поголовья у других народов. По итогам исследования был раскрыт образ силуэта в мифологии в тесной связи с несколькими культурами. На примерах были выделены наиболее основные мифологические особенности, создан художественный образ лошади. Были рассмотрены тонкости и проанализированы образы тулпара в жанрах сказки. Склонность лошади к чуду в мифических образах, пути превращения в обладателя необычайной силы, способность заранее предчувствовать оказавшегося в беде, дифференцированно рассматривались через отрывки из сюжетной линии, встречающиеся в песне.

Адамзат тарихында, казак тарихында да жылқы малының орнының ерекшелігі даусыз. Қай заманды алып қарастыратын болсақ та, тұлпар бейнесінің көркемдік образдары сипатталынған. Сондықтан жылқы малының адамзат тарихына, дамуына тигізген әсері орасан, тіпті тұрмыс-тіршілігі, мәдениетінде біте қайнасып кеткен десек артық айтпағандық болар. Адам баласының сенімді серіктерінің біріне айнала білген жылқы малының шығу тарихын қарастырып, зерттегені бойынша, жылқылар ерте заманнан бері мінсе-көлігі, жесе-тағамы, ішсе-сусыны болғанымен қатар ерекше баптауды қажет ететін тұлпарларды да асырағанын қазба жұмыстарында тапқан. Қазба жұмыстарында белгілі болғандай тұлпарлардың қасынан табылған жабдықтары, ер-тұрмандары қарапайым аттарға қарағанда ерекше әсемделген, түрлі таңбалық бейнелерді қолдана отырып әсемделген. Ұзақ сапарларда, жорықтарда қасында болған тұлпарлардың ер-тұрманында болған бұл таңбалар, сол замандағы халық үшін мифологиялық белгілер болып саналған, яғни жорыққа кеткен батырларын тылсым күштерден қорғап жүреді, керек кезінде мифтік күш арқылы тұлпарларға тіл бітіп, алып күшке ие болады деп сенген.

Миф деген ұғымды «ойдан құрастырылған, қиялдан шыққан, өтірік» деп қарастырылып жүргенін де кездестіріп жүрміз. Шын мәніде бұл- сол заманда өмір сүрген жергілікті халық үшін: өмір сүрген ортаны, дүниенің жаратылысын, әлемнің пайда болуы мен дамуы туралы көзқарастары болып табылады. Яғни, сол замандағы адамдар санасындағы дүниені қабылдауы, әдет-ғұрпы, өмір сүру салты, рухани деңгейінен хабар беретін дүние. Сондықтан мифті түбегейлі ойдан шығарылған

деп қарастыруымызға болмайды. Миф те адам санасымен бірге өсіп, бірге жетіле түскен. Халықтың дамуында, өмір сүру салтында, мүдделерінде өзгерістер пайда бола бастағаннан бастап, олардың рухани дамуы да, мифтік кейіпкерлер де өзгеріске ұшырап, кейде образдар көркемделе түскен. Әлем елдерінің қай-қайсысын алып қарастырсақ та, өзінің даму тарихы, өзіне тән мифі бар және мифтерінің дәріптелуі әр түрлі. Зерттелу тарихы бойынша жасырын жатқан тарихын аша білу дәрежесі де алуан түрлі. Мифология тарихын дұрыс қарастырып, түсіне білсе, тарих қойнауындағы мол мұралардың мәдениетке тигізер септігі көп. Миф – тарихи шындық та емес, түбегейлі жалған да емес деген түсінікке саяды. Оның ара-жігін ажыратуда көптеген зерттеушілер, фольклортанушы ғалымдар еңбек еткен.

Тұлпар-қазақ аңыздарындағы негізгі символ ретінде космогендік мифтік тіршілік иесі. Жырдағы Алпамыс батырдың жүйрік тұлпары – Байшұбар (Шұбар ат) болса, Қобыланды батырдың сенімді серігі – Тайбурыл. Байшұбар – «Бай» (Имай) – «бірінші адам» мен «шұбар» (свар, сувар) сөздерінен – «жарқыраған, сәулеленген» деген ұғымды білдіреді. Байшұбар (Шұбар ат) – күннің кейіптенуі немесе сәулесі, нұры болғаны [1, 69 б] Бұл жырларда тұлпар бейнесінің көркемделіп беруі, халықтың тіршілігінде жылқы тұқымының ерекше орындағы жануар екендігін, халық жадында эстетикалық жағынан көркемделіп сипатталғанын, адаммен біртұтас ретінде қарастырғанын байқауымызға болады. Алпамыс батырдың тұлпары- Байшұбардың керемет күшке ие етіп көрсетілуі. Қобыланды батырдың тұлпарының күн бетін көрмей, жел еспей өсірілуі, тау-тасты тұяғымен жаншуы, қанат бітіп ұшуы, тұлпарларға ерекше мифтік бейне беруінің көрінісі. Тайбурылдың қанаты болып, айшылық алыс жолдарға әп-сәтте жетуі дәлел бола алады. Көне мифтерде адамның немесе тұлпарлардың перімен байланыс болғандықтан ерекше тіршілік иелері туылған деген деректер де кездеседі.

Түрік-моңғол эпостарын зерттеген зерттеуші Р. Липец өз зерттеуінде «жауынгер мен оның жылқысының арасында ажырамас тылсым байланыс бар» деп жазады. Демек бұл ежелгі халық жылқы малын қастерлеп, өз тұрмысында біте қайнасқанына дәлел бола алады. Сол себепті, тұлпар бейнесі қазақ эпостарында болсын, түркі эпостарында болсын көптеп кездеседі және астындағы тұлпарларының ерекше қасиеттерге ие болғандығы арқасында, көптеген шайқастарда жауға есе бермей, қарсыласынан айласын асыра жеңіске жетуіне сеп болады. Қазақ фольклорлық эпостарында тұлпарлардың мифологиялық көркем бейнеде көрінуі көптеп кездеседі. Оның арғы тегі әлемнің жаратылуы туралы мифтерде жатыр. Кей аңыздарды жылқыны қолға үйретерден алдын, адамдар «тағы» жануарын қолға үйретіп көрген, бірақ дала тағысын қолға үйрете алмаған. Кейіннен жылқыны қолға үйреткен екен. Сол себепті де, жылқыға мініп дала тағысын аулайтын болған деседі.

Жылқы малының шығу архетипі бойынша айдаһар мен де байланыстыратын деректер кездеседі. Мифологиядағы тұлпардың сырт бейнесі айдаһар бейнесіне де ұқсатып айтылған деректер де кездеседі. Мысалыға: Моңғолия жеріндегі қасиетті, киелі саналатын Монго Морито жотасы бар. Сол жерде мекен еткен аттар күміс түстес болған, олар аспаннан түсіп үңгірді мекен еткен деген аңызбар, яғни айдаһардың да мекен еткен жерлері үңгір болғандықтан ғалымдар екеуінің де байланысы болуы мүмкін деген болжамдар да айтады.[2, 149 б.]

Мифологиялық аңыздарда арғымақ аттардың судан шығатындығы туралы деректер де кездеседі. Қазақстанның батыс аймағында орналасқан Каспий теңізінің Түркменстан мен Өзібайжан елдерімен шектесетін жағалауларының аралығында мекендегенін көрсететін аңыздар бар. Сондықтан да Ер Төстік ертегісіндегі тұлпары- Шалқұйрық су түбіндегі қазанды, апталап су астында еркін жүріп алып шығады деген деректер де кездеседі. Ер Төстік ертегісінде де тұлпардың бейнесін ерекшелеп бейнеленген. Болашақты болжай алатын қасиет, ақылды, өз егесіне қиындықтан шығу жолдарын көрсеткен тұлпар. Ғалым С.Қондыбай «Арғы қазақ мифологиясы» еңбегінде –« Кенжекей ұзақ сапарға аттанар кезінде Ер Төстікке «алты аяқты ала атқа, жеті аяқты жирен атқа мінбей Шалқұйрыққа мін», - деп кеңес береді. Мәтінде «сегіз аяқ» жөнінде ештеңе айтылмағанымен Шалқұйрықты сегіз аяқты екендігін аңғаруға болады (алты аяқты мен жеті аяқтан тек сегіз аяқты артық болады)» деген тұжырымға келген[3, 387 б.]. Және де өз кітабында сегіз аяқты ат туралы орыстың ертегісі «Еруслан Лазаревич», Фирдаусидің «Шахнамасында», Қытай мифологиясында да кездесетіні туралы деректер келтірген. Үндіеуропалық халықтың мифологиясында сегіз аяқты атты дөңгелекпен, күнмен байланыстырып қарастырған. Керқұла атты Кендебай ертегісінде тұлпарға тіл бітіп, құйрығынан қыл алып тұтататындығы, қытай мифінде жылқының жалының ерекшеліктері, тұлпардың бойындағы ғажайыптықтыққа дәлел.

Мифтегі тұлпар образын төмендгідей қарастыра аламыз:

ат – күн бейнесінде;  
ат – уақыт пен кеңістіктің  
символы; ат (ақ боз) – аққу  
бейнесінде;

ат – айдаһар бейнесінде

Қорытындылай келе, қай халықтың фольклорын алып қарастырсақ та тұлпар бейнесінің көркем, ерекше бейнесінің жасалғанын, оның тек адамға жақсылық жасайтынын аңғаруға болады. Тұлпардың бар болмысынан адамзат үшін қасиетінің ерекшелігімен мифологияда да, басқа жанрларда да құндылығын жоғалтпағанына куә боламыз. Мақала жылқы малының жаратылыс туралы жалпы халықтың түсінігін кеңейте түседі. Адамзат жылқы малын қолға үйреткеннен кейін қоғамда географиялық тұрғыдан көшіп-қону үрдісі басталып, жаугершілік заманының басталуына себепкер болған. Жылқы малы тек әдебиет пен мәдениет саласында ғана емес, адамның күнделікті өмірінде де маңызды рөл атқарғандығы шығармаларға реңк беріп, көркемделе түскен. Поэтикалық жағынынан бейнелі образды сөздерді қолдануына әсерін тигізгені анық.

*Әдебиеттер тізімі:*

1. Назарова А. Н., Мансұров Н. Б. (2020) «Батырлар жырындағы зооморфтық мифологемалардың көрінісі» *Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы* № 1(81),

2. Ускенбаева Р. Т. (2016) *Қазақ тіліндегі мифологемалардың этномәдени-танымдық аспектісі (мифологиялық шығармалар негізінде). Философия докторы (Ph.D) диссертация. Алматы.*  
– 149 б.

3. Қондыбай С. (2004) «Арғы қазақ мифологиясы» 1-том, 387-388 б